

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ақтау қаласында Ресей Федерациясының Бас консулдығын құру туралы нота алмасу нысанындағы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 10 қыркүйектегі № 735 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ақтау қаласында Ресей Федерациясының Бас консулдығын құру туралы нота алмасу нысанындағы келісімнің жобасы мақұлдандын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Әбуғалиұлы Нұртілеу Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ақтау қаласында Ресей Федерациясының Бас консулдығын құру туралы нота алмасу нысанындағы келісімге Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қойсын, оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 10 қыркүйектегі
№ 735 қаулысымен
мақұлдаған
Жоба

№

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігіне өзінің ілтипатын білдіреді және 2000 жылғы 9 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясы, Астрахань қаласында Қазақстан Республикасының Консулдығын және Қазақстан Республикасы, Орал қаласында Ресей Федерациясының Консулдығын ашу туралы келісімге 2024 жылғы 20 мамырда Астанада жасалған хаттаманың күшіне енуіне байланысты келесіні хабарлауды мәртебе санайды:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің 2023 жылғы 17 шілдедегі № 17572/Здснг нотасын алғанын растайды және Ақтау қаласында Ресей Федерациясының Бас консулдығын құруға және оның консулдық округі Қазақстан Республикасының Маңғыстау облысының аумағын қамтып, ол бір мезгілде Қазақстан

Республикасының Орал қаласындағы Ресей Федерациясының Бас консулдығының консулдық округінен алынатынына келісім білдіреді.

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ
СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
Мәскеу қаласы

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі 1963 жылғы 24 сәуірдегі Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясын, 1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Консулдық конвенцияны негізге ала отырып, сондай-ақ өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында Ресей Федерациясының аталған консулдық мекемесін ашу және оның консулдық функцияларын орындауы үшін барлық қажетті көмек пен мүмкіндіктерді ұсынады.

Осы нота және Ресей Федерациясы Үкіметінің жоғарыда баяндалғанмен келісетінін растайтын Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің жауап нотасы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ақтау қаласында Ресей Федерациясының Бас консулдығын құру туралы нота алмасу нысанындағы келісімді құрайды, ол Ресей тарапының жауап нотасы дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігіне өзінің зор ілтипатын тағы да растайды.

Астана қаласы, 2025 жылғы " "

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 10 қыркүйектегі
№ 735 қаулысымен
мақұлдаған
Жоба

Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне өзінің ілтипатын білдіреді және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің № мынадай мазмұндағы нотасын алғанын растайды:

"Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігіне өзінің ілтипатын білдіреді және 2000 жылғы 9 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясы, Астрахань қаласында Қазақстан Республикасының Консулдығын және Қазақстан Республикасы, Орал қаласында Ресей Федерациясының Консулдығын ашу туралы келісімге 2024 жылғы 20 мамырда

Астанада жасалған хаттаманың күшіне енуіне байланысты келесіні хабарлауды мәртебе санайды:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің 2023 жылғы 17 шілдедегі № 17572/ЗДСНГ нотасын алғанын растайды және Ақтау қаласында Ресей Федерациясының Бас консулдығын құруға және оның консулдық округі Қазақстан Республикасының Маңғыстау облысының аумағын қамтып, ол бір мезгілде Қазақстан Республикасының Орал қаласындағы Ресей Федерациясының Бас консулдығының консулдық округінен алынатынына келісім білдіреді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
Астана қаласы

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі 1963 жылғы 24 сәуірдегі Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясын, 1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Консулдық конвенцияны негізге ала отырып, сондай-ақ өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында Ресей Федерациясының аталған консулдық мекемесін ашу және оның консулдық функцияларын орындауы үшін барлық қажетті көмек пен мүмкіндіктерді ұсынады.

Осы нота және Ресей Федерациясы Үкіметінің жоғарыда баяндалғанмен келісетінін растайтын Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің жауап нотасы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ақтау қаласында Ресей Федерациясының Бас консулдығын құру туралы нота алмасу нысанындағы келісімді құрайды, ол Ресей тарапының жауап нотасы дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігіне өзінің зор ілтипатын тағы да растайды."

Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігі Ресей Федерациясы Үкіметінің атынан жоғарыда баяндалғандарды растауды және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің _____ № нотасы мен Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің осы жауап нотасы Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Ақтау қаласында Ресей Федерациясының Бас консулдығын құру туралы нота алмасу нысанындағы келісімді құрайтынымен келісуді мәртебе санайды.

Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігі осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Қазақстан Респ

убликасының Сыртқы істер министрлігіне өзінің зор
ілтпатын тағы да растайды.

Мәскеу қаласы, 2025 жылғы " " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК